

АУЫЛ БІЛІМДІ, БІЛІКТІ АЗАМАТТАРЫМЕН КӨРКЕЙЕДІ

Көпшілік айтып жүрген біздің елдегі интеллектуалдық деңгей, білім сапасы көптеген шетел азаматтарынан жоғары, ал енді кейбір елдерге қарағанда әлдеқайда жоғары деген пікірге мен де қосыламын. Соңғы жылдары көптеген шет мемлекеттерде болып, олардың білім-ғылым жүйесімен танысуыма мүмкіндік болды. Мысалы Оңтүстік-Шығыс Азияның елдері Тайланд, Малайзия, Оңтүстік Кореяны алайық. Немесе мұсылман елдері Түркия, Иран, Египет, Пәкістанды алайық. Солардың көбінің халқының тұрмысы бізден жаман емес, бізден алға кеткен десек те болады. Жастарын оқытып, іргелі оқу мен ғылым жүйелерін дамытуға мүмкіндіктері бар.

Дегенмен біздің еліміздегіден аталмыш жүйелер көп төмен, біздегі оқу стандарты да, ғылыми ізденістер де олардан бір бас артық. Бұл тек қана өзіміздің, қазақстандықтардың жобалауы емес, көптеген елдер мойындаған, Біріккен Ұлттар Ұйымының өкілдері айтқан пікір.

Ал енді осының себебі неде деген сұрақ туады. Себебі біздің интеллектуалды дамуымыздың бастауында Ресей (орыс) ғылымы мен білімінің тұрғанында дер едім. Ресейлік ғылым мен білім жүйесі бірнеше ғасыр бойы үздік дамыған, деңгейі өте жоғары, көптеген салалары мен арналары дүниежүзінде жетекші бола білген, әлемге есімі белгілі ғұлама ғалымдар мен ұстаздары шығара, оларды шындай білген мол қазына. Міне біздер, қазақтар, Кеңес одағының құрамында осындай дарқан қазынаны молынан пайдаланып, игеруге қолымыз жетті. Мындаған, онмындаған жастарымыз орыс мектептерінде, жоғарғы оқу орындарында дәріс алды. Бізде ашылған мектептер, техникумдар, институттар мен университеттердің оқу бағдарламалары, колданатын әдістемелері ресей оқу орындарының үлгісінде, солардың бай тәжірибесінің негізінде жасалды. Біздегі ашылған алғашқы оқу орындарына дәріс беру үшін Ресейден көптеген ұстаздар мен ғалымдар келді. Бір-ақ мысал: 1929-1930 жылдары ашылған Алматы малдәрігерлік және Қазақ ауылшаруашылығы институттарына Москва мен Ленинградтан, қатардағы ұстаздарды есептемегенде, тек қана академиктер мен профессорлардан 40 шақты адам келіп еді.

Осындай көмек Қазақстанның басқа оқу орындарына да көрсетілді және 70 жыл ішінде Кеңес Одағындағы көрнекті білім мен ғылым ошақтарымен қазақстандықтардың байланысы үзілген жоқ, керісінше, нығая, терендей түсті.

Осыған қоса қазақ азаматтарының ғылымға, білімге деген ынтызарлығын, алғырлығын айтуымыз керек. Осы екі себеп біздің іліміміздің деңгейінің жоғарылығын қамтамасыз етті. Құдайға шүкір, қазір елімізде сапалы білім беретін оқу орындары қай өлкемізде де баршылық, майталман ұстаздар, талантты ғалымдар да бар. Алдағы уақытта осы деңгейден төмен түспей, қайта оны әрі қарай көтеру камында болуымыз керек. Әсіресе мынау қиыншылығы мол өтпелі

кезенде жиған-терген білім қорын жоғалтпай, әрі қарай дамыту мемлекет қамқорында да, ел назарында да болу керек.

Ал енді дарынды жастар шетелде білім алып жатыр, олар қайтып келіп өз халқының тілі мен тарихына қырын қарайды-ау деген сауалға тоқталайық. Ең басты айтарым, бұндай қауіптың негізі жоқ сияқты. Біріншіден, кеңес үкіметі тұсында біздің ұлттан шыққан ғалымдар мен ұстаздардың көпшілігі орыс мектептерінде дәріс алды, орысша жоғары оқу орындарында мамандыққа ие болды. Олар өз халқының рухани қазынасына, тарихына немқұрайлы қарады ма? Жоқ, қайта басқа жерде алған білімін өз елінің игілігіне жарата білді. Үзбей орыс мектептерінде тәрбиеленген Шоқан Уәлиханов өз халқының ғылымы, мәдениеті, тарихына дербес, мол үлесін қоса білмеді ме? Санкт-Петербургтегі орман-техникалық академиясын бітірген Әлихан Бөкейханов, сол жердегі университеттің заңгер мамандығына ие болған Мұстафа Шоқай өз халқының рухының биіктігі үшін жан аямай күресе алмады ма? Томскінің технологиялық университетін бітірген Қаныш Сәтпаев Қазақстанның ғылымының құралып дамуына, ұлттық ғылымының өркендеуіне ерен еңбегін аяды ма? Ленинградта әдебиеттану мамандығын игерген Мұхтар Әуезов қазақ мәдениетінің өрісін әлем деңгейіне көтере білмеді ме? Бұл өте шағын, бірақ, қомақты мысалдар ғана. Жалпылай айтсақ, бұрын да, қазіргі уақытта да ғылым мен білімнің көш басында жүрген азаматтарымыздың көбі сол орыс оқу орындарында дәріс, тәрбие алғандар. Ал олардың көбі алған білімдерін өз халқының білімін, мәдениетін, жалпы ділі мен тарихын дамытуға жұмсады. Бұрын да осылай болған, қазір де сондай.

Екіншіден, біз жаңа қоғам құру қамындамыз, әлем деңгейіндегі өркениет жолына бет бұрдық. Бұл бір үлкен, бұрын біздің тәжірибемізде болмаған, ой-санамыз қалыптаспаған, біздің бейімділігіміз аз күрделі қоғамдық бетбұрыс. Жаңа заман, әсіресе нарық жүйесінен, демократиялық салттардан бізге көмескілеу болса да, осы тұрғыдан озық тәжірибе жинаған, бізден көп ілгері кеткен көптеген елдер бар. Жаңа жолмен жүру үшін осы тәжірибелермен тереңірек танысып, игеруіміз керек пе? Әрине, керек. Оның бірден бір жолы жастарды сол елдерге жіберіп солардың үлгілерін оқу-тоқу. Сондықтан да дарынды жастардың шет елдерге барып, батыстың ілімімен қаруланып келуіне мен ренжімеймін, керісінше, қуанамын. Сол елдерден алған білімдерін өз халқының келешегіне пайдаланады деген сенімім де мол. Өкінішке орай, озық тәжірибелі елдерге барып, білім алып келіп жатқан жастар бізде әлі де аз. Президентіміздің «Болашақ» атты бағдарламасы осы ізгі іске сүбелі үлесін қосуда. Басқа мемлекеттік мекемелерден, ірі-ірі кәсіпорындардан, акционерлік қоғамдардан, кәсіпкерлік ұйымдардан жастарымыздың шет елдерде білім алып, оларда қалыптасқан нарық жүйесін, әлеуметтік даму салаларының тәжірибесін игеру ісіне айтарлықтай қамқорлық болмай отыр.

Ал енді біз сияқты күрделі әлеуметтік-экономикалық

реформалар жүріп жатқан елдерде жастарын басқа елдерге, жақсы дамыған мемлекеттерге жіберіп, олардың өркениетін игеру ісі кеңінен жолға қойылған. Мысалы Қытай Халық Республикасы. Жетпісінші жылдардың орта кезінен бастап сексенінші, тоқсаныншы (осы ғасырдың) жылдары қытайлықтар он мыңдаған, жүз мыңдаған жастарын Америка Құрама Штаттарында, Германияда, Ұлыбританияда, солар сияқты басқа да алдыңғы қатардағы елдерде оқытты, осылай дайындалған кадрлар бүгін қытай елінің әлем кызығатындай әлеуметтік-экономикалық дамуына мұрындық болып отыр. Мен Малайзияда 1982 жылы болып едім. Кейін, 15 жыл өткен соң, 1997 жылы ол елге тағы бардым. Алғашқы көргенім мен әсерім, кейінгі көргенім мен әсерім, екеуінің арасы жер мен көктей. Халқы жұпыны, астанасы лас, жасағаны ұсақ сауда болған бір кездегі Малайзия заманның ең жоғары, тиімді технологиялары негізінде жұмыс істейтін кәсіпорындары бар, сәулеті мен көркемдігі әлемнің қандай жақсы қалаларынан кем түспейтін астанасы бар, халқының тұрмысы бірнеше есеге өскен, барлық болмысы ең озық елдердің хал-ахуалдарына жақындап қалған, шығарған бұйымдары көп елдерге қажет болып отырған үздік даму үстіндегі елге айналыпты. Сол елдегі әріптестеріммен сұхбаттастым. Көбі айтарлықтай жетістіктердің түп негізі дұрыс саясатпен қатар заман талабына сай, осы дәуірге сәйкес менеджментті үйренген, шет елдердің озық тәжірибесін игерген жастарын, кадрларын атайды. Біз де алдымызға осындай саясат ұстасақ теріс болмас дер едім.

Екінші мәселе бүгін аграрлық сектор тұралап қалды, осыған орай қазір ауылға мамандардың қажеті бар ма, оқу бітірген жастар ертең өз орнын таба ала ма деген сауал төңірегінде болып отыр. Әрине, ауыл экономикасының қазіргі деңгейі өте төмен. Бұрынғы колхоз, совхоздар тарап кетіп, жүздеген агрономдар, инженерлер, мал дәрігерлері, тағы басқа мамандар бұрынғы қызметінен айырылды. Дегенмен мына қазақтың сайын даласында егін екпесек, мыңғырған мал болмаса жер жетім, елдің келешегі болмайды. Ал енді тиімді технологиялармен астық өндіру үшін, малды өсіру үшін білікті мамандар керек. Малды өріске айдай салатын, егінді алақанмен шаша салатын заман әлдеқашан өткен. Барлық озық елдердің ауыл шаруашылығы өте ұтымды технология, асыл тұқым, тиімді техника, ғылыми негізде дамыған, дамып та жатыр. Қазақстан ауылына да осындай жаңа техника, технология, дәннің түсімі көп тұқымдары, малдың асыл тұқымдары ауадай қажет. Оларды игеру үшін, біздің тәжірибемізге енгізу үшін білім керек, жоғары білім керек. Сондықтан да мамандар қажет. Әңгіме мамандар керек пе дегенде емес, осы мамандарды ауыл шаруашылығының бүгінгі және ертеңгі талабына сай дайындауда және оларды дұрыс пайдалана білуде.

Мысалы, қазір жалпылай шаруа қожалықтары құрылды. Олар кімдер? Бұрынғы колхоз, совхоз жұмысшылары, олардың мамандары. Біреуі трактор жүргізуді, біреуі мал өсіруді, біреуі егін себуді біледі. Бірақ барлығы да қожалыққа керекті шаруаның әр саласының

егжей-тегжейін біле бермейді. Ал енді осыларға керекті кеңес беретін әр саланың білікті мамандары керек пе? Керек. Осындай мамандарды әрбір ауданда не болмаса шаруа қожалықтары отырған кейбір жерлерде топтастыру керек пе? Керек. Біздің университет Алматы облыстық әкімшілігіне, Ауыл шаруашылығы министрлігіне осыдан үш жыл бұрын әрбір ауданда шаруа қожалықтарына арналған оқу-кеңес орталықтарын (учебно-консультативный центр) құрып, соған білікті, тәжірибелі мамандарды топтастырайық, олар шаруа қожалықтарының басшыларын нарық жүйесіне, жұмыстың тиімді тәсіліне үйретсін, жаңа техника мен технологиялар туралы кеңес берсін деп ұсыныс жасап едік. Мәселе әлі күнге дейін тиісті шешімін таба алмай отыр. Бірақ олардың шешімін күтпей-ақ Агроуниверситет үш жыл бұрын өз қаражатымен фермерлердің жоғарғы мектебін ашты. Үш жыл ішінде 5300-ге жуық фермерлер, аудан әкімшіліктерінің басшы қызметкерлері қысқа мерзімді дәріс алды. Рахметтерін айтып жатыр, көп нәрсеге, жаңа заман талабына көзіміз ашылды деген пікірлер айтады. Бұдан біз шаруа қожалықтарына оқу да керек, оларға пайдалы кеңес, ұсыныстар да қажет деп білеміз.

Ауылдық жерлерде, біздің тілімізше айтқанда, оқу-кеңес орталықтары АҚШ, Израиль, Германия, Голландия, т.б. секілді елдерде құрылған. Солардың жұмысы арқылы сол елдердің фермерлері техника мен технологияның, жұмыс тәсілдерінің, шаруашылық жүйесінің заң құжаттарының жаңалықтарынан үзбей хабардар болып отырады және өз шаруашылығында пайдаланады.

АҚШ, Канада, Голландия, тағы басқа көптеген елдер ауыл шаруашылығы туралы білімі жоқ немесе тәжірибесі, арнайы дайындығы жоқ адамға жерді жалға бермейді. Мұндай талап жерді бірден бір дұрыс, тиімді пайдаланудың негізі. Бұл да жастарды, ауыл азаматтарын оқытып, білікті мамандар дайындау керек екенінің айқын дәлелі. Біздің елде жерді кім алмай жатыр – мұғалім де, құрылысшы да, заң қызметкері де, т.б. жер иеленуде. Көпшілігінің жер өңдеу, пайдалану тәжірибесі жоқ, арнайы дайындығы, білімі жоқ. Сондықтан да көптеген жерде құрай өсіп, құнарлылығы кеміп, алған түсімінің мәз емес екендігін көріп отырмыз. Жер емшегін еме алмаған халықтың, әсіресе біз сияқты байтақ жері бар елдің келешегі жоқ. Ал ол келешек болу үшін білікті мамандар керек.

Ауыл шаруашылығы мамандарының қажеттілігінің тағы бір қыры бар. Ол бұрынғыдай осы салаға дәстүрлі мамандықтар бойынша кадрлар дайындай бергеннің орнына жаңа заман талабына сай және ауылдың келешегіне сәйкес жұмыс істей алатын мамандарды дайындай білу. Бұл арнаулы орта және жоғары оқу орындарының жұмысы. Осыдан үш жыл бұрын біз агроуниверситетте «Фермерлер ісі (фермерское дело)» мамандығын аштық. Мақсатымыз жоғары білімі бар, шетелдік озық тәжірибелер негізінде дайындалған, нарық заңдарын игере білген фермерлер тобын дайындау еді. Бұдан ауылдағы шаруа

қожалықтары азаматтарының бәрінің жоғары білімі болуы тиіс деген ой тумаса керек, көпшілігін ауылдағы кәсіби-техникалық оқу орындары, орта арнаулы білім ошақтары дайындау керек. Ал енді осылардың бәріне үлгі болатын фермерлер тобы, фермерлер көсемі болу керек. Өйткені жан-жақты дайындығы бар, шаруа қожалықтарының көшін бастайтын топ құрылмай, фермерлер тобы ойдағыдай қалыптаспайды. Біздің бекіткен бағдарламамызды толығымен игере алған осы бағыттағы мамандар келешекте ауылда өз орнын қиналмай табатындығына біздің күмәніміз жоқ.

Ауылшаруашылық биотехнологиясы деген мамандық аштық. Мына Индия, Израиль, АҚШ, Германия, Голландия, тағы басқа көптеген елдердің тәжірибесіне көз жүгіртсек, соңғы 25-30 жылда ол елдердегі ауылшаруашылық өнімдерінің түсімі генетика, биология, биотехнология ғылымының ашқан жаңалықтарын тиянақты пайдалануы арқасында еселей өскен. Әлем деңгейінде бұл өзгерісті «көк төңкеріс» («зеленая революция») дейді. Өйткені биотехнология ғылымы малды асыл тұқымдандыруды, дәнді дақылдардың өте өнімді сорттарын алудың, өсімдік пен малды аурудан сақтандырудың, оларды өскен ортасының табиғатына барынша бейімдеудің өте тиімді жолдарын тапты. Көптеген елдерде олар ауыл өндірісінде қолданылып, соның арқасында үлкен нәтижеге ие болып жатыр. Өкінішке орай бұрын Кеңес одағында, қазірдің өзінде, мынау өтпелі кезеңде осы биотехнологиялық үрдіске біз көңіл бөлмедік, бөлмей отырмыз. Ал енді ауыл шаруашылығының тиімділігін арттыру үшін біз осы ғылымның жаңалықтарын міндетті түрде қолдануымыз керек. Өйтпесек біздің ашық экономикаға бет бұрып, тамақ өндіруде басқа елдермен сайысқа, бәсекеге түсуіміз, әсіресе ұтуымыз мүмкін емес. Бүгін біздің 4 сиыр Израиль мемлекетінің 1 сиырының берген сүтін береді, ал астықтың бір гектардан түсімі алдыңғы қатардағы елдердегіден 2-4 есеге дейін төмен. Осындай жағдайда біз қай елмен арзан тамақ үшін сайысқа түсе аламыз, қазір шетел тамақтары лек-легімен келіп жатқан жоқ па. Ал енді өз тиімділігімізді арттыру үшін жаңа технология, жаңа әдістер керек. Сондықтан да биотехнология мамандары керек. Бұлардың да біздің ауыл өндірісінде өз орнын қиналмай табатындығында біздің күмәніміз жоқ.

Соңғы жылдары агроуниверситетте ауыл шаруашылығы өнімдерін стандарттау және сертификаттау мамандығын аштық. Бұл да бұрын Қазақстанның жоғары оқу орындарында дайындалмаған мамандық. Біздің шаруамызға өте керек-ақ. Бүгінгі таңда ауыл шаруашылығы және тамақ өндірісі өнімдерімен шет елдермен көлемді түрде алмаса бастадық. Осы тұрғыдан бізге келген және бізден басқа жаққа сатылып жатқан тағамдар мен өнімдердің сапасын анықтайтын, олардың әлем қолданатын стандарттарға сәйкес немесе сәйкес еместігін анықтайтын мамандар бізде өте аз. Осының салдарынан өзіміз сататын өнімдердің бағасынан ұтылып қалатынымыз

көрініп отыр. Сертификат талаптарын жетік білмегендіктен және оны қадағаламағандықтан, бізге келген бұйымдар мен тамақтың түрлерінің сапасы нашар, бірақ бағасы жоғары болып жатқан жағдайлар да аз емес. Ол туралы баспасөз беті үзбей жар салады. Міне, осындай жағдайларға тосқауыл қою үшін және де нарық жүйесіне жан-жақты дайындықпен кіру үшін бізге осындай мамандар қажет. Олардың өзіне сәйкес қызмет орнын табудың қазір де, келешекте де қиындығы болмас.

Тағы бір бастамамыз туралы айта кетейін. Агроуниверситет құрылғаннан бері бізде дайындалатын барлық мамандықтардың 4-5 курс студенттеріне «Фермерлер ісі» деген 90 сағаттық арнаулы дәріс бастадық. Мақсатымыз болашақ университет түлектерін қазіргі ауыл шаруашылығында болып жатқан түбегейлі экономикалық реформамен тереңірек таныстыру, фермер шаруашылығының әр саласының тиімді техника, технология әдістерімен таныстыру, үйрету. Дәріс соңғы 5 курста әрбір студенттің арнаулы кәсіпкерлік жоспар («бизнес-план») жасауымен және оны арнаулы комиссия алдында қорғауымен аяқталады. Кәсіпкерлік жоспар университет бітіріп жатқан жастардың іс-қимылының басы, ол деректі шаруашылықтардың, деректі ауылдардың негізінде жасалады. Байқап қарасақ, университетті бұрнағы жылы, былтыр бітірген жастардың біразы осындай университет қабырғасында жасаған кәсіпкерлік жоспарларын іс жүзіне асыра бастаған сияқты. Міне, бұл да жоғары білікті мамандардың тезірек өз орнын таба білуге көмегін көрсететін шара. Жалпы осы мәселені қорыта келе айтарым: ауыл білікті, білімді азаматтарымен көркейеді. Сондықтан оларды дайындау керек пе деген сұрақ тұмауы керек. Оларды дайындау керек, бірақ заман талабына сай дайындай білу керек.

Ауыл экономикасын көтеруді неден бастау керек деген сауал қойыпсыздар. Әрине, ауыл - біздің қазақтың кіндігі байланған алтын қазық. Сондықтан да ауыл жағдайына бірден-бір көңіл бөлу керек. Баспасөз бетінде ауыл шаруашылығы саласындағы реформалардың жай-жапсары туралы өз пікірімді үзбей айтып жүрмін. Сонау 1993 жылы «Егемен Қазақстанда» «Нарық халыққа бет бұрсын» атты көлемді мақала жазып едім. Онда ауылға реформаны төңкеріс екпінімен емес, асықпай, біртіндеп, халқымыздың ерекшелігі мен жаңалыққа дайын еместігін ескеріп енгізейік деген едім. Содан бері көп жыл өтті, қиыншылық пен шешілмей жатқан мәселелер баршылық. Ауылға керек мамандар туралы айттым. Басқа мәселелерге тоқталсақ, ең күрделісі ауыл еңбекшілерінде ақша, қаражат жоқ. Үкіметімізде құрылған несие жүйесін, олардың жинаған қорының қомақты бөлімін ауыл қажеттілігіне бұру керек дер едім. Бұл біздің күнделікті тәжірибемізге кіріп келе жатыр, бірақ әлі жетіспейді. Екіншіден, ауылға шетел инвестицияларын әкелу қажет. Соңғы кезде басқа елдерден келген қаражаттың барлығы болмаса да, дені ауылға

емес, экономиканың басқа салаларына келіп жатыр. Қазір Дүниежүзілік банкі арқылы, әртүрлі мемлекеттермен келісімшарт арқылы ауыл шаруашылығына инвестиция әкелуге мүмкіндік бар, кейбіреуінің шеті көрініп қалды. Енді осындай көмек жобалары іс жүзіне асу үшін үкімет пен жергілікті басқару ұйымдарының тарапынан іс-қимылдар керек.

Өз басым ауыл еңбеккерлерінің төлейтін салығын 2-3 жылға төмендетер едім. Бұл ауылдың аяғынан тезірек тұруы үшін үлкен бір жәрдем болар еді. Ауылда техника, әсіресе шағын техника жетіспейді. Бұлар ұшақ, немесе зымыран емес, көбісін өзімізде де шығаруға болады. Мысалы, біздің университеттің ғалымдары тиімді шөпшапқыш, шағын трактор (Өтеген К) ұсынды, олардың 1-2 данасын «Ақмоласельмаш» жасап та шығарды. Осыларға ұқсас шет ел техникаларына қарағанда біздің ұсынғандарымыздың бағасы екі-үш есе төмен, ал тиімділігі жағынан кем түспейді. Міне, осындай ауылға керек құрал-жабдықтарды өзіміздің кәсіпорындарда шығарудың тиянақты шаралары керек. Қазір отандық кәсіпорындарды, бұйым өндірушілерді қолдау саясатын Үкіметіміз нысанаға алып отыр. Осы саясаттың үлкен бір бөлшегі ауыл шаруашылығына техника шығаратын отандық кәсіпорындарды керек қаржыларын тауып беріп қолдау, демеу, жәрдемдесу болуға тиіс.

Шаруа қожалықтарын техникамен қамтамасыз етудің жаңа бір тиімді саласы елімізде қалыптаса бастады. Ол - агролизинг. Бұл шет-елдерде кеңінен дамыған техника пайдаланудың тәсілі. Былайша айтқанда, техниканы алдымен жалға алып, ал оның құнын бірден емес, біртіндеп, бірнеше жылға созып төлеу тәсілі. Қазір біздің шаруа қожалықтарына керек техниканың көпшілігі өз елімізде шығарылмайды, көбі басқа мемлекеттерде жасалынады. Оларды бірден сатып алуға ауыл шаруашылығында қаржы жоқ. Ал енді жоғарыда айтылған тәсілді пайдалансақ, біршама техниканы шет елдерден әкеліп, ауыл мұқтажына пайдалануға болады. Біздің даламызда егін жинап жүрген американдық Джон Дир комбайндары, басқа да техниканың кейбір түрлері осы агролизинг тәсілімен келіп жатыр.

Бірақ осы жүйеде әлі де дұрыс шешімін табуы тиіс мәселелер баршылық. Біріншіден, агролизингпен айналысатын мекемелер біздің ауыл шаруашылығымызға, шаруа қожалықтарына тиімді, біздің табиғатымыз бен егін алқабымызда жұмыс істей алатын техника мен құрал-жабдықтарды әкеле білуі керек. Екіншіден, әкелінген техниканың құнын өтеу мерзімі қазіргідей қысқа болмай, ұзағырақ мерзімге созылуы керек. Бұл агролизинг тәсілін кеңінен пайдаланудың бірден бір жолы. Үшіншіден, осы жаңа, агролизинг негізінде техника пайдалану тәсілін көптеген ауыл еңбеккерлері, олардың басшылары біле бермейді. Сондықтан да оларды осы жаңалықпен таныстырып, оқыту, үйрету керек. Біз өзіміздің агроуниверситетте агролизингке оқыту орталығын аштық. Онда

жоғары және арнаулы орта мектептердің ұстаздары, техника тұтынушылар дәріс алуға. Басқа жерлерде де осындай орталықтар ашылып, оларда жаңа тәсілге үйрету жолы кеңінен қойылса ауыл еңбеккерлерінің нарық жағдайына тезірек икемделуіне, шаруашылықтың жаңа тәсілдеріне үйренуіне айтарлықтай көмек болар еді. Қазіргі көпшілікті елендетіп отырған жер, жерді сату, жекеменшікке беру мәселелері. Мәселен, өз басым жерді сатуға қарсымын. Бұның сыры тереңде жатыр, жер, біздер үшін, қазақ елі үшін, тек қана шаруашылық ұйымдастыратын, кәсіп жасайтын орын емес. Ол атамекен, ғасырлар бойы үзбей ұрпақ өсіріп отырған қасиетті өлке. Сатқан күнде жергілікті халықта ақша жоқ, кімнің қолында кететіні белгісіз. Содан кейін жер жеке меншікке айналса, тиімді пайдаланылады екен деген пікірдің жаңсақ тұсы көп. Нарық жүйесі терең тамырын жіберген, жан-жақты дамыған елдердің өзінде жер кең көлемді түрде сатылмайды, жалға беріледі. Мысалы, АҚШ-та ауыл шаруашылығына тиісті жерлердің 66%, кейбір мемлекеттерде 75-80 % жалға алу негізінде пайдаланылады. 1990 жылы Шығыс Германия Германия Федеративтік Республикасының құрамына кірді. Шығыс бөлігіндегі ауыл еңбеккерлеріне жерді сатып алуға немесе басқаша пайдалануға ерік берілді. Міне, содан бері он жыл өтті. Бұрынғы Шығыс Германияның ауыл шаруашылығына қатысты жерлерінің 95% әлі күнге дейін жалға алу негізінде пайдаланылуда. Айта берсек, басқа мысалдар жетеді. Мысалы, ұлы көршіміз қытайлықтар. Жерді жалдап пайдалану негізінде соңғы 15 жыл ішінде ауылшаруашылық өнімдерінің түсімін 3-3,5 есе өсірді емес пе. Осыдан туатын пікір: жерді сатпай-ақ, басқаша тәсілдермен, әсіресе жалға алу-беру (аренда) арқылы да пайдалануға болады. Біздің шаруашылықтардың қазір жерді 99 жылға жалға алуға құқы бар. Осыны пайдалана отырып жер пайдалану мәселесін де нарық жүйесіне қосуға болады, қазіргі таңда біздер үшін бірден-бір тиімді жол осы ма деймін.

Мәселені жинақтай келіп айтарымыз, ауылға мемлекет тарапынан күрделі жәрдем керек және әр ауыл еңбеккеріне шаруашылық жүйесін өзі таңдауына мүмкіндік беру керек. Әркімнің өзіне тиімді жүйені: кооператив пе, қауымдастық па, өндірістік ұжым ба немесе жекелеген шаруа қожалығы ма, таңдап алатын, сол жүйеде жұмыс істейтін мүмкіндігі болсын.

Неге басқа елдердің озық тәжірибесіне сүйенбейміз, шаруашылығын гүлдендіріп, малының бабын тауып, бүкіл халқын ішіп-жемнен тарықтырмай отырған елдер бар ғой деген сауал қойыпсыздар. Әрине, ондай елдер бар. Кейінгі кезде солардың көбінде біздің азаматтарымыз болып жатыр, олардың шаруашылық дәстүрін көріп жатыр. Көптеген жаңалықтармен, озық тәжірибелермен біртіндеп танысып, кейбіреуіне үйреніп те жатырмыз. Бірақ бір күнде, бір жылда қалыптасқан дәстүрді, мінез-құлықты, өндіріс жүйесін түбегейлі өзгертіп, басқа жолмен жүріп кетуге болмайды. Біз сол

алдыңғы қатардағы елдердің жолымен жүруге бет бұрдық, осыған сәйкес іс-қимыл жасап та жатырмыз.

Бірақ біздің әлі білмегеніміз көп, сондықтан да жіберген қателеріміз бар. Ой-шұқыр да аз кездесіп жатқан жоқ. Жемқорлықтың дүлей қаптауы, бұрынғы жиған-тергеннің кейбір қомақты бөлшектері кім-көрінгеннің қолында кетуі, әлі тиімді шаруашылық жүйесінің қалыптаспауы – осы ой-шұқырдың көптігі. Ғасырлар бойы бойымызға сіңген дәстүрді, мінез-құлықты өзгерту үшін де көптеген уақыт керек. Дегенмен, нысана дұрыс, бетіміз түзу, барлық халық болып, үкімет жәрдемімен бүгінгі тығырықтан шығып, жан-жақты дамыған ауыл шаруашылығына жетеміз деген үміттеміз.

«Жетісу», 11 желтоқсан 1999 жыл.